

**"Әскери қызметшілерге, ішкі істер органдары, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Республикалық ұлан, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметінің қызметкерлеріне Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы және мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы төлеуді жүзеге асыру жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрінің 1999 жылғы 19 наурыздағы N 44-б бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2005 жылғы 18 қаңтардағы N 10-ө Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 3 наурызда тіркелді. Тіркеу N 3473. Күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2007 жылғы 19 сәуірдегі N 90 бұйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2007.04.19 № 90-ө Бұйрығымен.**

"Кіші заң актілерін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 20 наурыздағы N 77-ө өкімін орындау және нормативтік құқықтық құжаттарды қолданыстағы заңнамамен сәйкестікке келтіру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Әскери қызметшілерге, ішкі істер органдары, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Республикалық ұлан, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметінің қызметкерлеріне Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы және мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы төлеуді жүзеге асыру жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрінің 1999 жылғы 19 наурыздағы N 44-б бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 741 тіркелген, Қазақстан Республикасы еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің "Вопросы труда" бюллетенінде 1999 ж., N 7-8 жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бұйрықтың атауындағы, Бұйрықтың 1-тармағындағы және Нұсқаулықтың атауындағы "Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Республикалық ұлан, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметінің" деген сөздер "Қазақстан Республикасының

Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің, қаржы полициясы және мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

Нұсқаулықтың кіріспесіндегі "ішкі істер органдарының," деген сөздерден кейін мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің, қаржы полициясы мен мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының арнаулы атақтар берілген және ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін Қазақстан Республикасы заңдарымен белгіленген тәртіп қолданылатын, Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан (бұдан әрі - ЗТМО) еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемін алуға құқығы бар қызметкерлеріне Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы және мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы төлеуді жүзеге асырудың тәртібін нақтылайды.";

1, 3, 5, 15, 23, 26, 34, 35 36, 40, 51-тармақтарға "Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметінің" деген сөздерден кейін мынадай мазмұндағы толықтыру енгізілсін: "және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің";

10, 29-тармақтар алынып тасталсын;

49-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"49. Әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің, қаржы полициясы мен мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының арнаулы атақтар берілген және ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін Қазақстан Республикасы заңдарымен белгіленген тәртіп қолданылатын, еңбек сіңірген жылдары бойынша зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар қызметкерлеріне еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы және мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы төлеуді олардың нақты тұратын жері бойынша қызмет көрсетуші Банк жүргізеді."

2. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Министр*

Келісілді:

*Қазақстан Республикасының*

*Қорғаныс министрі*

" \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 2005 ж.

Келісілді:

*Қазақстан Республикасының*

*Ұлттық қауіпсіздік*

*комитетінің Төрағасы*

" \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 2005 ж.

Келісілді:

*Қазақстан Республикасының*

*Ішкі істер министрі*

" \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 2005 ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК